

Құжаттың коды
091.0814**"Теңіз порттарындағы тиеп-түсіру жұмыстары туралы есеп" №31 - М (қайта тиеу) нысанын толтыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ**

Жылдық кезеңділіктегі "Теңіз порттарындағы тиеп-түсіру жұмыстары туралы есеп" №31 - М (қайта тиеу) нысаны бойынша есепті теңіз порттары тұрған жердегі статистика органына есепті жылдан кейінгі 2 ақпанға дейін табыс етеді.

Орындалған тиеп-түсіру жұмыстары көлемінің есебі үшін негізгі бастапқы құжаттар болып саналатыны - жүктелім - тапсырма, немесе оны алмастыратын басқа құжат, порт бригадасы берген тиеп-түсіру жұмыстары өндірісі.

Тиеп-түсіру жұмыстары көлемі есебінің дұрыс көрсетілуін тексеру үшін негізгі құжаттар болып саналатыны - тасымалдау құжаттары (коносамент, манифест, темір жол жүкқұжаттары). Орындалған нақты тонна есебінің дұрыс көрсетілуін тексеру, жүкқұжатында, немесе тасымалдау құжаттарымен қоса, оларды алмастыратын басқада құжаттарда көрсетілген әрбір кемедегі тоннаны салыстыру әдісімен жүргізілуі тиіс.

Порт - жолаушыларға және кемелерге қызмет көрсету мақсатында, жүкті тиеуге, түсіруге, қабылдауға, сақтауға және беруге, көліктің басқа түрлерімен өзара іс-әрекет жасауға орналастырылған және жабдықталған, жер учаскесінде орналасқан ғимараттардың және ішкі су жолдары акваторияларының кешені.

Айлақтар теңіз, сондай-ақ өзен порттарының маңызды элементі болып саналады.

Айлақ - кемелердің қауіпсіз жақын келуіне арналған құрылғысы бар және кемелердің қауіпсіз тұрағы үшін, оларға жүк тиеу, түсіру және қызмет көрсету үшін, сондай-ақ жолаушыларды кемелерге отырғызып, түсіру үшін арналған гидротехникалық ғимарат. Айлақтар мамандануы бойынша **жүк және жүк-жолаушы айлағы** болып топтастырылады. Осында жүкке арналған қоймалар және қойма алаңдары орналасады. 101-жол бойынша олардың жалпы саны (данасы), 102 -жол бойынша - олардың жалпы ұзындығы (қума метр) көрсетіледі. **Жабдықталған айлақ ұзындығы** қума метр есебінде баланстық есептегі деректеріне сәйкес қабылданады. **Жабдықталмаған айлақ ұзындығы (табиғи жаға)** қума метр есебінде айлақ алаңына бөлінген жер планы негізінде анықталады.

Теңіздік жүк және жүк-жолаушы айлақтары көбінесе механикаландырылған, яғни тұрақты бекітілген жағалық немесе жүзетін машиналармен және механизмдермен жабдықталған (портальды крандармен, тиеушілермен және басқа да тиеуші қондырғылармен).

Порт жұмысы порт құралдарымен орындалатын **тиеп-түсіру жұмыстарының** көлемімен сипатталады.

Порттағы тиеп-түсіру жұмыстары мамандандырылған тиеу **машиналарымен (кезеңдік немесе үздіксіз жұмыс істейтін)** машиналардың көмегімен жүзеге асырылады.

Кезеңдік (циклдік) жұмыс істейтін мамандандырылған машиналарға **крандардың, авто- және электр тиеуіштердің, гидро-және пневмотиеуіштердің, үздіксіз жұмыс істейтін машиналарға - тасымалдағыштардың, элеваторлардың, конвейерлердің** барлық түрі жатады.

Кезеңдік (циклдік) жұмыс істейтін машиналар **жүк көтерімділігі** бойынша, ал үздіксіз жұмыс істейтін машиналар - **техникалық өнімділігі** (уақыт бірлігінде тоннамен) бойынша бөлінеді.

Порттағы жүк жұмыстарының нормасын анықтау үшін жүктерді бес топқа бөледі: *ыдыстық орап-түю және дара* (қапта, қапшықта және қағаз қаптарда; бумалар мен теңдерде; бөшекелерде; жәшіктерде және ораусыз; оралмаған ет және ет өнімдері); ауыр *салмақтылар* және *металл бұйымдары; ағаштар; ақтарылма*.

Тасымалдау және тиеу жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үшін ең ыңғайлысы жүктерді тасымалдануына қарай жіктеу болып саналады, онда жүктердің барлық көптеген тізімдемесі қамтылып, жүк жұмыстары мен теңіз тасымалының қазіргі технологиясының талаптары ескеріледі.

Көлік сыныптамасы барлық жүкті үш санатқа бөледі: **негізгі, жалпы, ерекше режимдегі.**

Негізгі - бұл жалпы тізімдіктегі дара жүктер, ол жеке оралған немесе оралмаған орыннан тұрады. Аталу саны бойынша - бұл жүктің ең көбі. Негізгі жүктер өз кезегінде былайша бөлінеді:

- паромдардағы жүктер (брутто);
- ірі тоннажды контейнерлердегі жүктер (брутто);
- өзге де ыдыстағы дара жүктер.

Негізгі жүктердің басты ерекшелігі - олардың неғұрлым жалпы жағдайда тасымалданатыны. Осы себепті де оның атауы "негізгі", яғни, ағылшын тілінен алынған «General» сөзі- **жалпы**. Бір трюмда оралуы, мөлшері, тауарлық қасиеті жағынан ерекшеленетін негізгі жүктердің бірнеше ондаған түрі орналасуы, бірақ жиынтық белгісі бойынша теңізбен тасымалдауға үйлесуі мүмкін.

Тиеп-түсіру жұмыстарының көлемінде 31-М (қайта тиеу) нысаны бойынша есепте порт аумағы мен акваториясында айлақ клиентураларының-докерлердің-механизаторлардың және тартылған жұмыс күшінің (порт тізімінде тұрмайтындар) порттағы тиегіш машинаның (меншігіндегі, сондай-ақ жалдауындағы), кеме құралдарының, немесе осы жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты порттың қолмен атқарылған кемедегі тиеп-түсіру жұмыстарының мынадай түрлері енгізіледі, атап айтқанда:

- құрғақ жүктер мен ыдыстағы құйылма жүктерді кемеге тиеу және кемеден түсіру;
- "көлік-көлік" нұсқасы бойынша құрғақ жүктер айлағындағы құйылма жүктерді кемеге құю және кемеден ағызу, "тиеу және құю-барлығы" бөлімінің "өзге жүктері" 210- жолы бойынша көрсетіледі;
- порт құралдарымен кемеге астықты тиеу және одан түсіру;
- кемедегі ағашты суға түсіру және судағы ағашты кемеге тиеу;
- кеме шанағына көмірді және басқа қатты отын түрлерін тиеу;
- теңіз жүк айналымына байланысты емес жүктер: қауымдасу, яғни басқа (басқаның) көлік құралдарымен (теңіздегіден басқасы) тиеуге және түсіруге, жинақтауға және уақытша сақтауға байланыстысы. Теңіздік жүк айналымына байланысты емес жүктерге, портқа вагондармен немесе автомашиналармен жеткізілген, ал біраз уақыттан кейін ақыртып алынып, жүк иесі порт қызметі үшін ақысын төлеген жағдайда теңізден басқа көлікпен ел ішіне жөнелтілген экспорттық жүктер де жатады.

31-М (қайта тиеу) нысаны бойынша есепке енгізуге жатпайтыны-порттан тыс, қосалқы және шаруашылық жұмыстарының көлемі, сонымен қоса:

- порт аумағынан тысқары орындалған жұмыстар;
- клиенттердің қосымша төлемінің талабы бойынша орындалған порт аумағындағы жұмыстар: жүктерді қатарлап үю, сұрыптау, сапасын анықтау үшін жүкті ашу, таңбалау үшін ауыстырып салу, жүктерді қопсыту жөніндегі жұмыстар (сонымен қоса жару жұмыстары), ауыр жүкті, тірі мал мен құсты тасымалдайтын кемелерді жабдықтау жөніндегі жұмыстар, жүктерді бекіту, жүкті түсіргеннен кейін кемедегі лас заттарды тазарту, жүктерді өлшеу;
- порттың шаруашылық және басқа да қажеттері үшін орындалатын порт аумағындағы жұмыстар: аумақты тазарту және жинау, мұзды алу, порттың шаруашылық және құрылыс қажеті үшін жеткізілген жүктерді автокөліктерден және вагондардан түсіру;
- көмірдің өздігінен жануын болдырмау мақсатында аударыстыру, тұзды және кенді уату;
- жүкті қойма ішінде ауыстыру;
- порт акваториясындағы жерді қыру және түбін тереңдету жұмыстары.

31-М (қайта тиеу) нысаны бойынша есепте порттағы тиеп-түсіру жұмыстары жүктердің негізгі түрі бойынша келтіріледі.

Өзен бассейнімен жанасатын порттарда, портқа өзен арқылы келетін және теңіз арқылы қайта жөнелтілетін жүктер бойынша, нақты тоннасы теңіз кемесіне бір рет тиелген сәттегісі ғана, ал теңіз арқылы жеткізілген және өзен арқылы қайта жөнелтілген жүктер бойынша теңіз кемесінен түсірілген сәттегісі ескеріледі.

Портқа **паромдар** арқылы жеткізілген (немесе порттан жөнелтілген) жүктер жеке жолда ескеріліп, жүк тізімдемелері бөлінбейді. 213-жолда жүк салмағы көлік құралдарының салмағымен қоса ескеріледі, яғни брутто (тонна).

Портқа трейлерлер (және басқа да өздігінен жүретін шассилер) арқылы жеткізілген (немесе порттан жөнелтілген) жүктер, оларды портқа жеткізген кеме типіне қарамастан, 213-жолда нақты салмағымен, жүк тізімдемесін бөліп көрсетпей, трейлер (және басқа да өздігінен жүретін шассилер) салмағымен қоса ескеріледі- брутто.

Барлық түрдегі және типтегі жүк көтерімділігі бар бос трейлерлер мен басқадай өздігінен жүретін шассилерде тиелген (түсірілген) жүктерді ұлттық немесе шетелдік кемелермен тасымалдағанда 215-жолдағы "өзге де ыдыстағы дара жүктер" бойынша нақты салмағымен есепке алынады

Портқа **ірі тоннажды контейнерлермен** (барлық стандартта жүк көтерімділігі 10 және одан астам тоннада) жеткізілген (немесе порттан жөнелтілген) жүктер 214-жолда ескеріліп, жүк тізімдемелері белгіленбейді.

Жүк көтерімділігі 10 тоннаға дейінгі контейнерге, сондай-ақ барлық типтегі бос контейнерлерге тиелген (түсірілген) жүктер 215-жолдағы "өзге де ыдыс-дара жүктер" бойынша 31-М(қайта тиеу) нысанында есептеледі.

Кез келген контейнердегі жүк салмағы контейнер салмағымен (брутто) ескеріледі.

Портта дайындалған минералдық-құрылыс жүктерін (құм, малтатас) тиеп-түсіру жұмыстары көлемінің есебі мынадай ерекшеліктерді орындай отырып жүзеге асырылады:

а) Жүкті тасымалдағанда коносаменті міндетті түрде болған жағдайда, оған құмның (малтатастың) босатылған құнының құрамдас бөлігі енеді.

б) Егер құм (малтатас) теңізге дайындалса және порт айлағында түсірілсе, онда екі рет ескеріледі: өндірген сәтінде тиелген ретінде (бір нақты тоннасы және бір тонна-операция) және айлаққа түсірілген сәті бойынша (бір нақты тоннасы және бір тонна-операция). Теңіздегі жүк айналымына байланысты жүк ретінде ескеріледі.

в) Құмды (малтатасты) кеме көлігімен әрі қарай басқа портқа тасып жеткізгенде, есеп кәдімгі ретпен жүргізіледі (бір нақты тонна және бір тонна-операция). Теңіздегі жүк айналымына байланысты жүк ретінде ескеріледі.

г) Клиенттердің талабы бойынша порт айлағынан вагонмен немесе автокөлікпен құмды (малтатасты) әрі қарай жөнелткенде, порттан тыс жұмыс ретінде есепке алынып, 31-М (қайта тиеу) нысаны бойынша есепте көрсетуге жатпайды.

д) Егер құмды (малтатасты) дайындау және түсіру тіркелген порт-бекетте жүргізіліп, әрі қарай порттан жөнелтілсе, онда порт-бекет айлағында түсірілгені тек тонна - операция ретінде, ал портта тиеліп әрі қарай жөнелтілгені нақты тонна ретінде ескеріледі.

е) Шаруашылық әдісімен орындалатын күрделі құрылыс және күрделі жөндеу үшін құмды (малтатасты) дайындауға, тасымалдауға және наряд-тапсырмаға коносаменттер немесе белгіленген үлгіде тиеп-түсіру жұмыстарын жүргізуге басқадай бастапқы құжаттары болған жағдайда, осы жүктерді орындалған жұмыс актілеріне енгізген жағдайда ғана 31-М (қайта тиеу) нысаны бойынша есепте көрсетеді. 31-М(қайта тиеу) нысаны бойынша есепте көрсету құмды (малтатасты) нақты дайындау сәті бойынша көрсетіп, құрылыс немесе жөндеу жұмыстары үшін дайындалған жүк көлеміне сәйкес әрі қарай бақылау жүргізеді.

ж) Есебін алу үшін құм (малтатас) салмағын анықтау:

-егер құмды (малтатасты) дайындау судан баржаға тиеу арқылы жүргізіліп, суы өздігінен ағызылатын болса, онда құм (малтатас) салмағын шөгү алдында анықтау үшін суды толық ағызу қажет; құм салмағын жүзу құралдарының шөгүі бойынша анықтап, кейіннен оны 25% - ға кемітеді.

Импорттық жүктерді кемемен тасымалдаған кезде, порт рейдінде уақытша аялдау қажет болғанда, 31-М (қайта тиеу) нысаны бойынша есеп былайша жүргізіледі:

- портта уақытша аялдаған кезде негізгі кемедегі жүкті түсіру толық аяқталған болып саналады (бір нақты тонна және бір тонна-операция);

- жүкті басқа портқа әрі қарай тасымалдап, каботажды жүзуде коносамент ресімделген жағдайда, осы жүкті түсіру каботажды ұқсату болып саналады (бір нақты тонна және бір тонна - операция);

- егер уақытша аялдау негізгі порт болып, әрі қарай жүкті осы портқа жеткізетін болса, онда рейдте түсіру бойынша есеп бір рет жүргізіледі (айлақта түсіру екінші нақты тоннада және тонна-операцияда жасалмайды).

Импорттық жүкті теңіз портынан өзен кемесімен әрі қарай жөнелтіп, жаңа тасымалдау құжатын ресімдеген жағдайда (тікелей су қатынасында жүкқұжаты және табыстама ведомосы) жөнелту бойынша нақты тонна және каботажда тонна-операция ретінде ескереді.

Жүкті бір кемеден екіншісіне тиегенде (борт-борт) бір нақты тоннасы және бір тонна-операция ескеріледі.

"Кеме рейдіннің жүзу құралдары - қойма" нұсқасы бойынша жүктерді рейдтік тасымалдау кезінде рейдке тиеу бойынша тек бір нақты тонна және бір тонна-операция ескеріледі.

Көмірді және басқа да қатты отын түрлерін арнайы кеме шанағына тиеген кезде нақты тонна мен тонна - операция, кемеге тиеу сәті бойынша бір рет ескеріледі және теңіздегі жүк айналымына байланысты емес жүк ретінде көрсетіледі.

Тонна-операция есебін жүргізу ерекшеліктері:

Бір тонна-операция үшін мынадай негізгі нұсқа бойынша жүктің әрбір тоннасының аяқталған орын ауыстыру процесі қабылданады:

көлік - қойма, элеватор,

қойма, элеватор-көлік,

көлік - көлік,

қойма - қойма.

Көлік деп отырғанымыз жүктің портқа келетін немесе одан жөнелтілетін көлігінің түрлері (су, темір жол, автомобиль).

Тікелей нұсқа бойынша, яғни жинақтау операциясынсыз жүктерді тікелей ауыстырып тиеген кезде, тонна-операция мынадай тиеп-түсіру жұмыстары нұсқаларымен ескеріледі:

вагон-кеме және кеме-вагон,

автокөлік-кеме және кеме-автокөлік,

кеме-кеме.

Жүктерді жинақтап ауыстырып тиеген кезде тонна-операция жұмыстары мынадай нұсқалармен ескеріледі:

кеме-қойма және қойма-кеме,

вагон-қойма және қойма-вагон,

сал-жаға және жаға-сал,

қойма-автокөлік және автокөлік-қойма.

Ескерту. Қойма-автокөлік және автокөлік-қойма нұсқасы бойынша жұмыс кезінде тонна-операция автокөлікке тиелген жағдайда ғана ескеріледі де, мұндайда жүк порттан жөнелтіледі және портқа келген жүк автокөліктен түсіріледі.

"Қойма-қойма" нұсқасы бойынша (жабық, сондай-ақ ашық қоймалар аралығында) жүкті ауыстырған кезде тонна-операция сол жағдайда ескеріледі, егер жүк жауапкершілігі бір қоймадағы әкімшіліктен екінші қоймадағы әкімшілікке қайтадан жүктелетін болса. Жүкті қойма ішінде ауыстырған кезде тонна-операция ескерілмейді.